

Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және сауда министрлігі жайлы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 1 тамыз N 1054. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 1 тамыздағы
N 1054 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және
сауда министрлігі туралы
Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі құру туралы" 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1730 U941730_ Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі (бұдан былай - Министрлік) өнеркәсіпке, сыртқы экономикалық байланыстар мен сауда саласына басшылық жасайтын орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Министрлік тікелей Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бағынады және республиканың мемлекеттік бюджеті қаржысының есебінен ұсталады.

Министрлік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,

Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

3. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, өнеркәсіп және сауда салаларының қызметін үйлестіріп, республиканың өндірістік кешенін мемлекеттік басқару;
өндіріс әлеуетінің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді көздейтін өнеркәсіпті дамытудың тұжырымдамаларын әзірлеу, кооперациялық байланысты дамыту, ғылыми сыйымдылығы мол және бәсекеге төтеп бере алатын өнімнің шығарылуын арттыру, белсенді ғылыми-техникалық, инвестициялық және әлеуметтік саясат жүргізу;
сыртқы экономикалық байланыстарды ұйымдастыру, шет елдермен ынтымақтастық, өнімді экспорттау және импорттауды дамыту, әлеуметтік рынок конъюнктурасын зерделеу және оның дамуын болжау, халықаралық көрмелер, жәрмеңкелер өткізуге қатысу; < * >

Ескерту. 3-ші тармақтың 4-абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.09.11. N 1251 қаулысымен.

II. Министрліктің негізгі функциялары

4. Министрлік өзінің негізгі міндеттерін басшылыққа алып:
кен-металлургия, машина жасау, химия және халық тұтынатын тауарларды өндіру кешендерінің кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін үйлестіруді қ а м т а м а с ы з е т е д і ;
қоғамдық өндіріс пен халықтың өнеркәсіп өнімі мен халық тұтынатын тауарларға деген қажеттілігін болжау негізінде, сондай-ақ әлем рыногының конъюнктурасы мен әлемдік шаруашылыққа кірігудің керектігін ескере отырып, өнеркәсіп пен сыртқы және ішкі сауда салаларын дамытудың мемлекеттік басым бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады;
өнеркәсіп пен саудадағы мемлекеттік меншікті монополия-сыздандыру, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
өнеркәсіптегі берешегін өтей алмайтын қарыздар болып қалған залалды өндірістерді (кәсіпорындарды) сауықтыру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға белгіленген тәртіп бойынша қатысады;
кәсіпкерлікке, шағын және орташа бизнеске шетел инвестицияларын тарту мәселелері бойынша қолдау көрсетеді;
орталықтандырылған ресурстардың есебінен қаржыландырылатын

инвестициялық бағдарламалар мен өнеркәсіп жобаларын дайындауға белгіленген тәртіппен қатысады; < * >

өнеркәсіпке шетел несиелері мен инвестицияларын тарту және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ұлтаралық өнеркәсіптік құрылымдар мен бірлескен кәсіпорындарды құру процесіне қатысады;

өнеркәсіпті дамытудың болжамдарын әзірлейді және талдау жасайды, басқа министрліктермен бірлесе отырып, өндіріс қуаттарын дамыту, олардың пайдаланылуын жақсарту және өндірістің техникалық деңгейін арттыру жөніндегі ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты қалыптастырады;

экспорт пен импорттың тиімділігін арттыру және материалдық ресурстар баланстарының құрылымын жақсарту мақсатында өнеркәсіпте шет елдермен тиімді кооперациялық байланыстар жасап, дамытуды қамтамасыз етеді;

өнеркәсіп орындарындағы қалдықсыз және экологиялық тұрғыдан таза технологиялар мен қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді ұйымдастырады;

Қазақстан кәсіпорындарының халықаралық рынокта бәсекелесу қабілетін зерделейді және оны арттыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

өнеркәсіп пен саудадағы басқарудың тиімді ұйымдастыру нысандарын әзірлеу мен енгізуді жүзеге асырады;

ішкі резервтерді айқындау есебінен өнеркәсіптегі шикізат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлейді; < * >

мемлекеттік өнеркәсіп орындарын қайта құру мен қайта бағдарлауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

шетел инвестицияларды кеңінен пайдалану арқылы өндірісті технологиялық жағынан жаңғырту жөніндегі шараларды әзірлейді;

тұтыну рыногын дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

өнеркәсіп өнімі бойынша материалдық баланстарды әзірлеуге қатысады;

шетел инвестицияларын пайдаланудың тиімділігін талдайды және өнеркәсіп кешеніне шетел капиталының қосылуына көмектеседі;

өнеркәсіптегі қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөнінде бірінғай саясат жүргізеді ;

пайдалы қазбалардың жекелеген кеніштерін бірлесіп игеруге, концессияға беру жөніндегі халықаралық тендерлерді ұйымдастыруға қатысады;

мемлекеттік өнеркәсіп орындарының, бірлестіктердің, ұйымдар мен басқа да құрылымдық құралымдардың қызметінің мәселелері жөніндегі ережелерді, жарғыларды және басқа нормативтік құжаттарды белгіленген тәртіппен бекітеді;

меншіктің әртүрлі нысандарына негізделген нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыруда өндіріс кәсіпорындары мен сауда ұйымдарына методологиялық және ұйымдық-экономикалық көмек көрсетеді;

өнеркәсіптің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржы және валюталық қаражатқа деген қажеттілікті дәлелдейді және тиісті органдарға белгіленген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізеді;

министрліктің және республиканың өнеркәсіп және сауда кешеніне кіретін мемлекеттік бірлестіктер мен ұйымдардың ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін қ ұ р у ғ а қ а т ы с а д ы ;

министрліктің құрамындағы кәсіпорындардың өз өндірістерін жұмылдыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында халықаралық және үкіметаралық жобаларды даярлауға қатысады;

келіссөздер жүргізеді және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша халықаралық келісімдер мен шарттарды жасайды және олардың орындалуын бақылайды;

ішкі және әлемдік тұтыну рыногының конъюнктурасын талдау негізінде азық-түлік және азық-түлік емес халық тұтынатын тауарларды өндіру жөніндегі ұсыныстарды даярлайды және оларды тиісті мемлекеттік басқару орындарына т а б ы с е т е д і ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген тәртіпке сәйкес тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) экспорты мен импортына лицензия беруді жүзеге асырады;

өз құзыры шегінде тауарларды қайта экспорттаумен байланысты мәселелерді ш е ш е д і ;

сыртқы экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастықтың тиімді нысандарын енгізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

шетелдердің ұйымдары мен фирмаларының сыртқы сауда мәселелері жөніндегі ұсыныстарын қарайды және осы мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар дайындап, табыс етеді, сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылармен тауар айналымы және төлемдер, жеткізілімдердің көлемі мен кезектілігі туралы келіссөздер жүргізеді;

валюта-несие мәселелерін ұйымдастыру жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады, Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен " Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес кеден мәселелері бойынша өзара і с - қ и м ы л ж а с а й д ы ; < * > < * >

Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкімет аралық комиссиялар мен

комитеттердің, халықаралық ұйымдар мен органдардың (ГАТТ, ВТО, ЮНКТАД, ЭКО, ЭСКАТО және басқалары) жұмысы мен халықаралық экономикалық қатынастар жөніндегі конференциялар мен конгрестерге, симпозиумдар мен мәжілістерге қатысуы үшін басқа министрліктермен бірлесе отырып, өнеркәсіп пен сауданы дамытуға қатысты мәселелерді даярлайды, сауда мен өндірістік, сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту жөніндегі мәселелерді талқылап шешу үшін Қазақстан Республикасына келетін шетелдік делегацияларды қ а б ы л д а й д ы ;

Қазақстан Республикасының шет елдермен сауда-экономикалық байланыстарын дамыту жөнінде ақпарат-насихат жұмысын жүргізеді;

Қазақстан Республикасының қатысуымен шетелде салынатын объектілердің ірі инвестициялық жобаларын тәуелсіз техникалық-экономикалық сараптамадан өткізудің тетігін әзірлеу мен оны ұйымдастыруға қатысады;

сауда конъюнктурасы мен республика тұтыну рыногының жай күйін зерделейді және оны дамыту жөнінде болжамдар жасап, ұсынымдарды әзірлейді;

халық тұтынатын тауарлардың көтерме саудасы бойынша жәрменкелер өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

сауда құрылымдарында Қазақстан Республикасының "Тұтынушыларқұқығын қорғау туралы" Заңы талаптарының сақталуына бақылау ұйымдастырады, халық тұтынатын тауарларға деген стандарттар мен техникалық шарттарды өзгерту және бекіту жөніндегі ұсыныстарды қарауға қатысады;

республика аумағында сауда қызметін жүзеге асыратын меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар үшін міндетті сауда ережелерін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ осы ережелердің сақталуына бақылау жасайды;

халыққа сауда қызметін көрсетудің прогрессивті әдістері мен нысандарын насихаттайды, сауда мен қоғамдық тамақтандырудың отандық және шетелдік озық тәжірибесін зерделейді және енгізеді, сауда жарнамасын дамытуға м ү м к і н д і к ж а с а й д ы ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес республиканың шетелдегі сыртқы қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

әлеуметтік даму және министрліктің жүйесіндегі қызметкерлердің еңбек, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық жағдайлары мен оларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.11. N 1251 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29. N 520 қаулысымен P960520_

III. Министрліктің құқықтары.

5. Министрліктің өзіне жүктелген функцияларына сәйкес: мемлекеттік кәсіпорындардың оларға берілген мемлекеттік басқару органдарының құқықтары мен қызметтерін орындауына бақылау жасауды жүзеге асыру; < * >

басқа ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы туралы келісімдер мен шарттарды әзірлеуге қатысуға;

республиканың өнеркәсіп және сауда кәсіпорындары мен бірлестіктерінің басшы қызметкерлері резервін орналастыру мен даярлау мәселелерін белгіленген тәртіппен шешуге;

өз құзыры шегінде нормативтік құжаттар шығаруға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен жарлықтарын орындау үшін өнеркәсіп және сауда бірлестіктері мен кәсіпорындары үшін міндетті шешімдер қабылдауға және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарынан, сыртқы сауда ұйымдарынан Министрлікке жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратып алуға;

өз құзырының шегінде мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құру, қайта құру және тарату жөніндегі мәселелерді белгіленген тәртіппен шешуге;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан өзіне берілген құқыққа сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін иеленуге, пайдалануға және басқаруға;

көп салалық және ұлтаралық холдингтерді құру жөніндегі құрылтай құжаттарын дайындау жұмысына қатысуға;

халық тұтынатын тауарлардың қорын белгіленген тәртіппен қалыптастыруға;

мүдделі органдармен келісіп, уақытша жұмыс топтарын, үйлестіру, ғылыми-техникалық және басқа да кеңестер мен ведомствоаралық сараптау комиссияларын құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өнеркәсібі, сыртқы экономикалық қызметі мен саудасы мәселелері жөнінде мәжілістер өткізуге;

халықаралық көрмелер, жәрменкелер, аукциондар, симпозиумдар мен басқа да шаралар өткізу жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуына қатысуға, жарнамалық-баспа қызметін жүзеге асыруға;

өнеркәсіпті, сыртқы экономикалық қызмет пен сауданы басқару саласындағы

Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қ а р а у ы н а е н г і з у г е ;

кәсіподақтармен және олардың бірлестіктерімен еңбек және өзге әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша салалық (тарифтік) келісімдер ж а с а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескерту. 5-ші тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.09.11. N 1251 қаулысымен.

IV. Министрліктің қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

6. Министрлікті Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметке тағайындалатын және босатылатын министр басқарады.

Министрдің орынбасарлары болады, оларды министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды. Министрдің орынбасарлары арасындағы міндеттерді министр белгілеп, бөледі.

7. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметі ү ш і н д е р б е с ж а у а п б е р е д і .

М и н и с т р б ұ л м а қ с а т т а :

министрліктің қызметін басқаруды жүзеге асырады, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық мекемелерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда оның мүддесін білдіреді және сенімхатсыз Министрліктің атынан іс қимыл жасайды;

Министрдің орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауапкершіліктің д е н г е й і н б е л г і л е й д і ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрліктің орталық аппараттарына қызметкерлерді қызметке қабылдайды және босатады, ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза белгілеп, тартқызады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тарапынан бөлінген қаржы шегінде Министрлік орталық аппаратының штаттық кестесі мен оны ұстауға арналған шығыстар сметасын, сондай-ақ Министрліктің құрылымдылық бөлімшелері мен ведомствоға қарасты ұйымдардың штаттарын және олар туралы е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

республикада белгіленген тәртіп бойынша шарт негізінде компаниялардың, бірлестіктер мен сауда өкілдіктерінің, шетелдегі сауда үйлері мен басқа да кәсіпорындардың бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және босатады;

Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың құрылымына өзгерістер е н г і з е д і .

8. Министрлікте құрамында министр (алқа төрағасы), қызметі бойынша министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрлік жүйесінің басқа да басшы қызметкерлері бар алқа құрылады.

Министрліктің алқасы өз мәжілістерінде Министрліктің құзырына қатысты мәселелерді қарайды.

Алқаның шешімдері министрдің бұйрығымен іс жүзіне асырылады. Министр мен алқа арасында пікір алшақтығы туындаған жағдайда министр туындаған келіспеушіліктер жайында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне баяндай отырып, өз шешімін іс жүзінде асырады, ал алқа мүшелері де өз тарапынан пікірлерін баяндауға құқылы.

9. Министрлік республиканың заңдарына сәйкес және өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Президенті және Министрлер Кабинетінің актілері мен осы Ереженің негізінде, олардың орындау үшін бұйрықтар мен нұсқамалар шығарады және ведомствоға қарасты барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндетті түрде орындау үшін нұсқаулар береді.

Ескерту. 9-шы тармақтың екінші абзацы алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.09.11. N 1251 қаулысымен.

10. Министрліктің департаменттері мен басқармалары оның негізгі құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

11. Министрліктің орталық аппараты қызметкерлерінің санын, еңбек ақы қорын қоса алғанда, оны ұстау үшін бөлінетін қаржы мөлшерін, сондай-ақ басқару құрылымын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

12. Министрлік заңды тұлға болып табылады, банкте есеп айырысу, бюджеттік және валюталық шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ пен орыс тілдерінде жазылған мөр бар.

13. Министрлік ғимараттарды, құрылыстар мен басқа да мүлікті олардың қызметіне және өз жұмысының мақсаттарына сәйкес иелену мен пайдалануға құқылы.

Министрлік жедел есеп және бухгалтерлік есепке алуды жүзеге асырады және статистикалық есеп беруді жүргізеді. Министрліктің лауазымды тұлғалары мемлекеттік есептілікті бұрмалағаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

V. Министрлікті қайта ұйымдастыру және жою

14. Министрлікті қайта ұйымдастыру мен жою Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК